

САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|-----------------------|---|
| Пән | География |
| Мұғалім | Хасенова Сандуғаш Мүбәраққызы |
| Мектеп, сынып | Астана қаласы, №56 мектеп-лицей, 6-сынып |
| Сабақ тақырыбы | Атмосфера және оның құрамы |




www.bilimland.kz

| | |
|------------------------------------|---|
| Оқу мақсаты | Атмосфераның құрамын сипаттайды; Атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп түсіндіреді. |
| Сабақтың мақсаты | Атмосфера құрамын сипаттау. Атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп түсіндіру. |
| Пәнаралық байланыс | Физика, математика, информатика |
| Сабақ формасы | Жеке, жұппен және 4 оқушы біріккен топтық жұмыс. |
| Тілдік мақсаттар | Атмосфера ұғымын ауызша және жазбаша түрде түсіндіріп, атмосфера құрамын сипаттайды. Атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктері бейнеленген суреттер мен графиктерді сипаттап түсіндіреді. |
| Қалыптастыратын құндылықтар | Оқушыларды топтық жұмыс арқылы бір-бірін құрметтеуге, сыныптастарының жауаптарын тыңдауға, талдауға, қорытынды жасауға баулу. |
| Бағалау критерийлері | Атмосфера ұғымын түсіндіре алады және құрамы мен құрылысына сипаттама береді. Атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелей алады, оны түсіндіреді. |
| Лексика және терминология | Атмосфера, азот, инертті газдар, көмірқышқыл газ, тропосфера, стратосфера, мезосфера, атмосфераның жоғары қабаттары, озон қабаты. |
| Алдыңғы білім | 5-сыныптағы білімдері. |
| Қолданылатын ресурстар | Суреттер, график, диаграмма, атлас 6-сынып, оқулық 6-сынып. |

Сабақтың барысы:

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланатын шаралар | Ресурсы |
|---------------------------------|--|--|
| I Ұйымдастыру 2 минут | Сәлемдесу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Оқушыларды тропосфера, стратосфера, мезосфера, термосфера, экзосфера деп аталатын топтарға біріктіру. <i>(Мүмкін сүтегі, оттегі, азот, көмірқышқыл газы, озон және т.б. Топ мүшелері көшбасшы, таймкиппер, спикер, суретші-редактор болып бір-бірін сайлау).</i> Ой қозғау: Бүгін топтардың атаулары өзгеше. – Қандай пікір бар? – Бүгін сабақ не туралы болады? – Қандай тақырыпты өтеміз? | презентация PowerPoint Активити мозговой штурм |

| | | |
|----------|--|--|
| 2 минут | талдау. Сабақтың негізгі терминдермен таныстыру. «БББ кестесі» Не білемін? | |
| 20 минут | <p>Атмосфера құрылымы мен құрамы видео көрсетіледі.</p> <p>Сұрақтар қойылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Атмосфера дегеніміз не? (Жерді газ қоспаларымен қоршаған қабат) 2. Атмосфераның ең төменгі қабаты? (тропосфера) 3. Экватор үстінде тропосфера қабатының қалыңдығы қанша? (18 км) 4. Тропосфераның ең жұқа қабаты қайда орналасқан? (полюстерде) 5. Тропосфера қабатында болатын құбылыстар? 6. Ауаның 78 пайызын құрайтын газ?(Азот) 7. Су буы және көмір қышқыл газы қандай процестің жүруіне әсер етеді? (Фотосинтез) <p>(бағалау: әр сұрақ 1 балдан)</p> <p>Топтық жұмыс. Мәтінмен жұмыс (постер қорғау)</p> <p>1-топ: Атмосфераның құрамы. 2-топ: Атмосфера қабаттары. 3-топ: Озон қабатының ерекшелігі. (бағалау: 5 балдық)</p> | <p>https://bilimland.kz/ видео көрсету</p> <p>бағалау</p> <p>https://bilimland.kz/ мәтінмен жұмыс</p> <p>бағалау</p> |
| 2 минут | <p>Қосымша ақпарат:</p> <p>Аспан түсі күн сәулелері атмосфера арқылы өткенде, өздерін шашыратушы бұрышына байланысты өзгереді. Бұрыш көлемі кішкентай болса, мысалы, күн шығарда және күн батарда, күн сәулелері ауаның қалың қабаты арқылы өтуі керек. Содан кейін аспан сары немесе қызыл түске боялады. Күн биікте көкжиектің үстінде болған кезде, күн сәулелері атмосфераның жұқа қабаты арқылы өтеді. Содан кейін аспан көгілдір түсті болады.</p> <p>Күннің батуы</p>  | <p>https://bilimland.kz/ Презентация PowerPoint</p> <p>Атлас картамен жұмыс</p> |
| 4 минут | <p>Әдемі, шуақты ауа райы кезінде аспан көгілдір болады</p> | <p>https://bilimland.kz/ Таратпа қағаздар</p> <p>Бағалау</p> |



Мысалы, атмосфера құрамы күрделі, ол түрлі газдар қосындысынан тұрады (құрамын атайды).
Атмосфера қабаттарын атлас картадан талдайды.

Жұптық жұмыс

Кестені аяқта

| Атмосфера қабаты | Биіктігі, км | Ерекшелігі |
|------------------|--------------|------------|
| Термосфера | | |
| Мезосфера | | |
| Стратосфера | | |
| Тропосфера | | |

(бағалау: әр сұрақ 1 балдан)

III Бекіту
3 минут

Тест тапсырмасы

1. Бос орындарға тиісті сандарды жаз.
Сөйлемді дұрыс аяқтау үшін тиісті санды анықта.

Жер атмосферасының шамамен % азоттан және % оттегіден тұрады. Басқа газдар % құрайды.

2. Атмосфераның озон қабаты орналасқан бөлігі қалай аталады?

- А) Тропосфера
- Ә) Стратосфера
- Б) Мезосфера
- В) Термосфера
- Г) Экзосфера

3. Нақты жоғарғы шегі жоқ қабатты анықта.

- А) Тропосфера
- Ә) Стратосфера
- Б) Мезосфера
- В) Термосфера
- Г) Экзосфера

4. Озон қабатының шоғырлану биіктігі қанша?

- А) 25-30 км
- Ә) 20-25 км
- Б) 25-28 км
- В) 28-30 км
- Г) 30-35 км

5. Озон қабатының қалыңдығы қанша?

- А) 4 см
- Ә) 5 см
- Б) 10 см
- В) 3 см

<https://bilimland.kz/>
тест тапсырмасы

Рефлексия
2 минут

Бағалау

| | | |
|-----------------------------------|---|----------------|
| | (бағалау: әр сұрақ 1 балдан) «БББ кестесі» Не білгім келеді? | |
| IV Бағалау 3 минут | Бағалау парағы арқылы бағалау | Бағалау парағы |
| V Үй тапсырмасы 1 минут | Тақырыпты оқу | |